

А.Қ. Таусоғарова^{1*} , А.М. Жамалбек¹ ,
Ж.А. Әлішева¹ , С.А. Итегулова² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: ayauzhan1971@gmail.com

ТІЛДІК ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІК ҚЫСЫМНЫҢ ПРАГМАЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ

Түрлі сөйлеу жағдаятында өрбитін тұлғааралық коммуникация үдерісінде көрініс беретін сөйлеу әрекеттерінің қатарында коммуникативтік қысым немесе сөз қысымы да орын алады. Тұлғааралық коммуникация үдерісінде адресанттың адресатқа агрессивті ықпал етуге бағытталған сөздерінің кейбір жағдайлары – адресат-тұлғаның құқықтық мәселедегі еркін шектеу, оны өзі қаламайтын іске мәжбүрлеу сияқты әрекетін қамтуына байланысты тілдік құқықбұзушылық қатарында қарастырылу мүмкіндігіне ие. Бұл жағдай коммуникативтік қысымның лингвистикалық белгілері мен тілдік құралдарын зерттеудің сот лингвистика теориясы мен практикасы үшін маңыздылығын көрсетеді.

Мақалада осы жоғарыда көрсетілген мәселе шешімінде коммуникативтік қысымның тілдік құқықбұзушылық көрінісі ретіндегі дерегіне лингвистикалық талдау жасау арқылы оның басты лингвистикалық белгілерін, сөйлеу стратегиялары мен тактикаларын анықтау мақсаты көзделеді. Осы орайда коммуникативтік қысымның нақты дерегіне – ажырасқан ерлі-зайыптылар арасында жазылған қолхат пен әңгіме бейнежазбасының стенограммасына лингвистикалық зерттеу жүргізілді.

Мақалада коммуникативтік қысым адресаттың немесе қарсы тараптың мүддесіне залалды (деструктивті), оның құқығына қайшы ықпал етуге құрылған сөйлеу актісі тұрғысынан қарастырылады. Тыңдаушыға ықпал етуге бағытталған әрекет ретіндегі коммуникативтік қысымды зерттеуде сөйлеу актілері теориясының ғылыми тұжырымдамалары және прагмалингвистикалық, сонымен қатар синтаксистік, стильдік, емле талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижесінде ажырасқан ерлі-зайыптылар арасында жазылған қолхат пен әңгіменің бейнежазбасы негізінде адресант тарапынан адресаттың (тыңдаушының) еркін шектеу жағдайында жүзеге асырылған коммуникативтік қысым сөздеріне тән прагмалингвистикалық белгілер мен тілдік құралдары анықталады және тілдік тактикалары жүйеленеді.

Түйін сөздер: коммуникативтік қысым, вербалды құралдар, сөйлеу стратегиялары, тілдік тактикалар, тілдік құқықбұзушылық.

A.K. Tausogarova^{1*}, A.M. Zhamalbek¹,
Zh.A. Alisheva¹, S.A. Itegulova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: ayauzhan1971@gmail.com

Pragmalinguistic Means of Communicative Pressure as a Manifestation of Linguistic Offense

In the process of interpersonal communication unfolding in various speech situations, one of the types of speech actions manifested is communicative pressure or verbal pressure. In the process of interpersonal communication, certain instances of the addresser's utterances aimed at exerting aggressive influence on the addressee may be regarded as a linguistic offence, as they involve actions that restrict the addressee's personal freedom or force them to engage in actions they do not wish to perform. This highlights the importance of investigating the linguistic markers and language means of communicative pressure for both the theory and practice of forensic linguistics.

The article aims to identify the key linguistic features, speech strategies and tactics of communicative pressure as a form of linguistic offence through a linguistic analysis of specific empirical material. In this regard, a linguistic analysis was conducted based on a specific instance of communicative pressure – a written statement exchanged between divorced spouses and a video recording of their conversation.

Communicative pressure is examined as a speech act designed to inflict harm on the interests of the addressee or the opposing party, as well as to exert influence that contradicts their rights. The study employs theoretical concepts from speech act theory, along with pragmalinguistic, syntactic, stylistic and orthographic methods of analysis.

As a result, based on a written note and a video recording of a conversation between divorced spouses, the linguistic markers and language means characteristic of communicative pressure realized under the condition of restricting the addressee's (listener's) freedom were identified, and the linguistic tactics were systematized.

Keywords: communicative pressure, verbal means, speech strategies, linguistic tactics, linguistic offence.

А.К. Таусоғарова^{1*}, А.М. Жамалбек¹,
Ж.А. Алишева¹, С.А. Итегулова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан

*e-mail: ayauzhan1971@gmail.com

Прагмалингвистические средства коммуникативного давления как проявления языкового правонарушения

В процессе межличностной коммуникации, разворачивающейся в различных речевых ситуациях, среди типов речевых действий проявляется коммуникативное давление или речевое давление. В процессе межличностной коммуникации некоторые случаи речевых высказываний адресанта, направленных на агрессивное воздействие на адресата, могут рассматриваться как языковое правонарушение, поскольку они включают действия по ограничению свободы адресата-личности или принуждению его к нежелательным для него действиям. Эта ситуация подчёркивает важность исследования лингвистических признаков и языковых средств коммуникативного давления для теории и практики судебной лингвистики.

В статье ставится цель определить основные лингвистические признаки, речевые стратегии и тактики коммуникативного давления как проявления языкового правонарушения посредством лингвистического анализа конкретного фактического материала. В этой связи лингвистическое исследование было проведено на основе конкретного факта коммуникативного давления – расписки, написанной между разведёнными супругами, и видеозаписи их разговора.

Коммуникативное давление рассматривается в статье как речевой акт, направленный на нанесение ущерба интересам адресата или противоположной стороны, а также на воздействие, противоречащее его правам. При изучении коммуникативного давления как действия, направленного на влияние на слушателя, использованы научные положения теории речевых актов, а также методы прагмалингвистического, синтаксического, стилового и орфографического анализа.

В результате на основе расписки и видеозаписи беседы между разведёнными супругами определены характерные лингвистические признаки и языковые средства высказываний, реализующих коммуникативное давление в условиях ограничения свободы адресата (слушателя), а также систематизированы языковые тактики.

Ключевые слова: коммуникативное давление, вербальные средства, речевые стратегии, языковые тактики, языковое правонарушение.

Кіріспе

Тіл тұлғааралық қарым-қатынастың бірден бір құралы бола отырып, кей жағдайларда түрлі құқықбұзушылықтарды жүзеге асыруда қолданылу мүмкіндігіне ие. Халық даналығындағы «Тіл тас жарады, тас жармаса – бас жарады», «Сөз сүйектен өтеді...», «Басқа пәле тілден» деген сияқты мақал-мәтелдер тілдің құқықбұзушылық әлеуетінен хабардар етеді. *Алаяқтық, қауіп төндіру, қоқан-лоққы, қылмысқа арандату, жалған ақпарат тарату, жала жабу* сияқ-

ты тағы басқа қылмыстық я құқықбұзушылық әрекеттер тілдің көмегімен жүзеге асырылады.

Тілдік құқықбұзушылықтың қоғамдағы деректері сот-лингвистикалық сараптама саласының дамуына жол ашып, тілдің коммуникация үдерісінде адресатқа (тыңдаушыға) түрлі мақсатқа бағыттылығына қарай ықпал ету құралы ретіндегі ерекшеліктерін зерттеудің өзектілігін танытып отыр. Өйткені адресатқа ықпал етуге бағытталатын сөйлеу актілерінің қатарында қарастырылатын коммуникативтік қысым түрлі сөйлеу жағдаятындағы көріністері мен сөйлеу-

шінің коммуникативтік мақсат-міндеттеріне қарай барлық кезде тілдік құқықбұзушылық әрекетін қамтымауы да мүмкін.

Коммуникативтік қысым – сөйлеушінің (адресант) тыңдаушыға (адресатқа) деструктивті ықпал ету ниетін қамтуына байланысты G. Leech тарапынан көрсетілетін тұлғааралық тілдік коммуникацияның сәтті жүзеге асуында маңызды болып табылатын әдептілік максимдеріне қарама-қайшы құбылыс. Өйткені коммуникативтік қысым үдерісінде Дж. Лич көрсетуіндегі «қоғамда қабылданған ережелерге сәйкес өзін әдепті ұстау» туралы такт максимі, «өз пайдаңызды азайтып, шығыныңызды көбейтіңіз» (кеңпейілділік максимі), «басқаларға ескерту айтуды азайтып, мақұлдауды көбейтіңіз» (мақұлдау максимі), «өзіңізді қолпаштауды азайтып, өзіңізге сынай қараңыз» (қарапайымдылық максимі), «серіктесіңізбен араңыздағы келісімді көбейтіңіз. Ымыраға келіп, пәтуға жету кез келген пікірталаста болуы қажет» (келісім максимі), «антипатияны азайтып, серіктесіңізбен араңыздағы симпатияны көбейтіңіз» деген ұнату максимдері бұзылады (Шайкенова, 2007, б. 20).

Дегенмен бұл сияқты әдептілік максимдерінің бұзылуы тікелей тілдік құқықбұзушылық қатарында қарастырыла алмайды, олар тек мәдениетті коммуникация нормаларынан ауытқушылық көрінісі болып табылуы да мүмкін.

Коммуникативтік қысымды тілдік құқықбұзушылық дерегі қатарында қарастыруда сөйлеушінің тыңдаушыға қатысты коммуникативтік ниетін, қысым орын алған коммуникативтік жағдаятты, қысымның себебін анықтау, сөйлеу стратегиясы мен оның тілдік тактикаларын талдау сияқты прагматикалық тетіктер маңызды орын алады. Сондықтан коммуникативтік қысымның күнделікті тұлғааралық қарым-қатынас үдерісіндегі кейбір құқықбұзушылыққа бағытталмаған психоэмоционалдық, лингвопрагматикалық қолданыстары мен оның тілдік құқықбұзушылық қатарында қарастырылу мүмкіндіктерінің өзара саралануы сот лингвистика теориясы мен практикасы үшін маңызды.

Мақалада осы мәселе шешімінде алдымен коммуникативтік қысымның тілдік құқықбұзушылық көрінісі ретіндегі дерегіне лингвистикалық талдау жасау арқылы оның басты лингвистикалық белгілеріне, сөйлеу стратегиялары мен тактикаларын анықтау мақсаты көзделеді.

Материалдар мен әдістер

Адресатқа агрессивті ықпал етуге бағытталатын коммуникативтік қысым кей әлеуметтік мәселелер шешіміне бағытталуына, сөйлеушінің (адресанттың) коммуникативтік мақсат-міндеттеріне қарай сан түрлі сөйлеу жағдаятында көрініс беруі мүмкін. Коммуникативтік қысым көрініс тапқан әрбір сөйлеу жағдаяты осы құбылыстың тілдік құқықбұзушылық белгілері қамтылған және тілдік құқықбұзушылық белгілерін қамтымаған түрлерін ажыратуда, сонымен қатар жалпы олардың әрқайсына тән лингвистикалық сипаттарды жүйелеу үшін маңызды болып табылады. Осы орайда мақалада тілдік құқықбұзушылық белгілерін қамтымаған материал қатарында мұғалім мен оқушы арасындағы диалогқа құрылған 1 және 2-бейнежазбалардың стенограммасы, ал тілдік құқықбұзушылық белгілері қамтылған материал қатарында ажырасқан ерлі-зайыптылар арасында жазылған қолхат пен әңгіменің 3-бейнежазбасының стенограммасы зерттеу материалы ретінде қарастырылады.

Бұл аталған материалдарға лингвистикалық зерттеу жүргізуде, бейнежазбадағы әңгімедегі коммуникативтік қысымды және оның сөйлеу стратегиялары мен тілдік құралдарын анықтау үшін мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтың 1 және 2-бейнежазбалары стенограммасының мазмұнына, сонымен қатар ажырасқан ерлі-зайыптылар арасындағы диалог көрініс тапқан 3-бейнежазба стенограммасы мен олардың арасындағы қолхаттың мазмұнына салыстырмалы және салғастырмалы талдау, лингвопрагматикалық, лексика-семантикалық талдау әдістері қолданылды және лингвистика ғылымының, сонымен қатар сөйлеу актілері теориясының іргелі ғылыми концепциялары негізге алынды.

Әдебиеттерге шолу

Коммуникативтік қысымның кейбір белгілері сот лингвистикасы пәнаралық ғылым саласының тұжырымдарымен сабақтас жатыр: «Language-related crime in forensic linguistics refers to criminal activities where language plays significant role. These crimes involve the use of language as a tool for illegal purposes or as evidence in criminal investigations. In addition, it can manifest in the form of an incitement, provocation, false

information, hate speech, threats, extortion, and fraud / Сот лингвистикасында тілдік құқықбұзушылықтарға (тілдік қылмыстарға) Тіл маңызды рөл атқаратын қылмыстық әрекеттер жатады. Бұл қылмыстарға тілді заңсыз мақсаттар үшін құрал ретінде немесе қылмыстық тергеуде дәлел ретінде пайдалану жатады. Сонымен қатар *тіл – арандату, шағыстыру, айдап салу, азғыру, жалған ақпарат, өшпенділік (араздық) тілі, қоқан-лоққы, бопсалау және алаяқтық әрекеттер* құралы түрінде көрінуі мүмкін» (Rachmad & Milal, 2023, б. 33-49).

Бұл орайда тілдік құқықбұзушылық әрекеті қатарында көрініс беру мүмкіндіктеріне ие коммуникативтік қысымға құрылған сөйлеу актілерін құқықтану, коммуникация теориясы, қақтығыстану, лингвистика салаларының тоғысында зерттеуде, ең алдымен, *қысым* ұғымының жалпы түсінігі маңызды. Өйткені қысымның жүзеге асырылу формасына қарай физикалық және вербалды түрлері ажыратылғанымен, бұл әрекеттердің ортақ мәнісі бір арнаға тоғысады. «Қысым – басқа адамдардың мүмкіндігін, еркін, сондай-ақ таңдау еркін шектеу» (Трофимова, 2021, б. 112) деп анықталса, лингвистика, коммуникация теориясы салаларындағы ғылыми зерттеу еңбектерінде «Коммуникативтік қысым – сөйлеушінің тыңдаушыны өзіндік пікірі, көзқарасы бар кісі ретіндегі дербестігін елемей, оның жеке кеңістігіне басып кіру, оған өз тарапынан басымдығын қалыптастыруға бағытталған агрессивті сөйлеу актісі» (Шилихина, 2000, б. 103-108), «Коммуникативтік қысым – сөйлеушінің *тыңдаушы (адресаттың немесе әңгімеге қатысушы қарсы тараптың) пікірін, еркін басып тастауға, сөйлеушінің өз мүддесіне сәйкес тыңдаушының (адресаттың немесе әңгімеге қатысушы қарсы тараптың) мінез-құлқын, әрекетін өзгертуге бағытталатын сөйлеу актісі*» (Прохвачева, 2000), «Коммуникативтік қысым – *адресанттың (сөйлеушінің) қарсылас тарапқа өз позициясына сәйкес міндет артып қойып, оны уәде немесе ант беруге мәжбүр ету. Яғни, адресант сұхбаттасушыға белгілі бір әрекеттерді жүктейді, оған үзілді-кесілді (категоричные) талаптар қояды және осылайша оны таңдау еркінен айырады, қарсылас тараптың коммуникативтік және әлеуметтік тәуелсіздігіне қауіп төндіреді. Адресант өрескел сөйлеу арқылы қарсы тараптың эмоционалды импульсіне теріс ықпал етеді*» (Дубровченко, 2021) деп, коммуникативтік қысымға сөйлеу актілері теориясы, лингвисти-

калық қақтығыстану аспектілері тұрғысынан анықтамалар берілген.

Сөйлеу актілері теориясының ғылыми тұжырымдамаларына сәйкес коммуникативтік қысым құбылысы тұлғааралық коммуникация үдерісінде адресатқа (тыңдаушыға) міндетті түрде ықпал етуге бағытталуына байланысты иллюкутивтік акт ретінде қарастыруымызға түрткі болады: «Сөйлеуді иллюкутивтік актіге айналдыратындай мақсатқа бағыттылықтың болуы (ағыл. Illocutionary act., яғни ‘кейбір сөйленісті айту барысында қарым-қатынастық я коммуникативтік мақсаттың көзделуі; Дж. Остиннің термині’)» және «Адресант сөйлеу нәтижесінде «іздеп отырған салдарды туындатуы (ағыл. perlocution)», яғни адресаттың санасына немесе мінез-құлқына әсер ету» (Шайкенова, 2007, б. 18).

Тыңдаушыға ықпал етуге бағытталған әрекет ретіндегі коммуникативтік қысымның сөйлеу стратегиялары мен тілдік тактикаларының да түсініктері мақаланың зерттеу материалдарын қарастыруда маңызды болып табылады.

Сөйлеу стратегиялары туралы ғылыми зерттеулерде мына түрдегі анықтамалар берілген: «коммуникативті мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған сөйлеу әрекетінің кешені, ол қарым-қатынастың нақты жағдайлары мен коммуниканттардың жеке басына байланысты сөйлеу коммуникациясы процесін жоспарлауды, сондай-ақ осы жоспарды жүзеге асыруды қамтиды» (Иссерс, 2006, б. 38), «коммуниканттың өз пиғыл-ниетіне сәйкес сөйлеу әрекетін ұйымдастыру тәсілі» (Борисова, 1999, б. 85), «нақты қарым-қатынас жағдайында сөйлеушінің өз мақсатына қол жеткізу мүддесіне орай сөйлеу әрекетінің нақты бағыты» деп түсіндіреді (Паршина, 2007, б. 11).

Ал коммуникативтік тактика «коммуникативтік стратегиямен салыстырғанда коммуникативтік процесті қарастырудың кішірек ауқымы, ол коммуникативтік мақсатпен емес, жеке коммуникативтік ниеттер жиынтығымен байланысты» (Кашкин, 2000, б. 136) деп көрсетілсе, «коммуникативтік мақсатқа жету үшін сөйлеуде қолданылатын нақты әдістер мен амал-тәсілдер, нақты айтқанда, синтаксис, лексика, интонация сияқты тілдік құралдарды сендіру, ақпараттандыру, яғни тыңдаушыға ықпал ету немесе белгілі бір әсер тудыру, жалпы коммуникативтік мақсатқа қол жеткізу үшін пайдалану» әрекеті тілдік тактика ретінде анықталады (Пекарская, Шпомер, 2024).

Нәтижелер мен талқылау

Сөйлеу актілері теориясының ғылыми тұжырымдарына сәйкес сөйлеуші субъект немесе адресант өзінің сөзі арқылы тыңдаушыға (адресатқа) қандай да бір хабар жеткізуді ғана емес, сонымен қатар қандай да бір мақсатты көздей отырып, тыңдаушының еркіне, сана-сезімі мен әрекетіне, мінез-құлығына ықпал етуді көздейді. «Сөйлеуші сөзінің тыңдаушы еркі мен әрекетіне түрткі болып, оны басқаруға бағытталған сипаттары сөйлеу ықпалы (речевое воздействие) деп аталады» (Пекарская, Шпомер, 2024). Адресатқа немесе тыңдаушыға ықпал ету күшіне ие коммуникативтік қысым, сөз қысымы сөйлеушінің коммуникативтік мақсаттары мен коммуникативтік ниетіне, сөйлеу стратегиялары мен сөйлеу тактикаларына қарай бөлінеді.

Коммуникативтік мақсатқа қол жеткізуге бағытталған коммуникативтік қысым түрлі вербалды (тілдік) және бейвербалды (тілдік емес) амал-тәсілдер көмегімен жүзеге асырылады. «Адресанттың (сөйлеушінің) адресатқа (тыңдаушыға) жасырын ықпал ете отырып, оны өз айтқанына көндіруге бағытталатын тілдік манипуляция сізге біреу қажет болғаннан гөрі, Сіз біреуге көбірек қажет болғанда орын алатын күрделі психологиялық трюк» (Стернин, 2001, б. 38).

Коммуникативтік қысымның түрлі сөйлеу жағдаятындағы көріністері мен деректерін Е.М. Дубровченко (2019), О. С. Иссерс (2009), В.Ю. Меликян (2019), В.А. Трофимова (2021), К.М. Шилихинаның (2000) және т.б. ғылыми еңбектердің негізінде талдау нәтижесінде адресант (сөйлеуші) тарапынан жүзеге асырылатын сөйлеу стратегиялары мен тілдік тактикаларының төмендегідей жиынтығы анықталды:

- адресатқа немесе тыңдаушыға талаптар мен ультиматумдар қою. Мысалы, «сіз мұны істеуіңіз керек»;

- адресат (тыңдаушы) немесе қарсы тарап орындағысы келмейтін, я орындай алмайтын, орындауға мүмкіндігі жоқ қисынсыз әрекетті орындауға бұйрық беру;

- тыңдаушы тараптың я қарсы тараптың өтінішін, қалауын елемей, оған таңдау еркін қалдырмау;

- таусылмайтын өтініштер немесе өтінішті бірнеше рет қайталап айта беру;

- адресант (сөйлеуші) тарапынан талаптардың өзгере беруі, олардың динамикалық сипат алуы;

- адресаттың немесе қарсы тараптың әрекетін, сөзін жағымсыз етіп көрсету, бетіне салық ету;

- қорлау сөздерді, жағымсыз мағынадағы сөздерді қолдану, мазақ қылу;

- шынайы жағдаяттың өрескел бұрмалануы, тым әсіреленіп жағымсыз сипатта берілуі;

- адресатқа (тыңдаушы) немесе қарсы тарапқа оның жеке, өзіндік (күпиялы) нәрселерімен бөлісу қажеттігіне нұсқау беру;

- аяушылық сезімін тудыру сөздері (мысалы, Сен тек өзінді ғана ойлайсың);

- өз позициясының дұрыс екенін дәлелдеп бағу.

Жоғарыда көрсетілген агрессивті сөйлеу стратегиялары мен тілдік тактикалардың әлеуметтік мәртебесі жағынан координативті және субординативті тұлғалар арасындағы коммуникативтік қысым белгілері бар сөйлеу актілерінде барлығы дерлік толығымен қамтыла бермейтінін көреміз. Нақ осы көрсетілген агрессивті сөйлеу стратегиялары мен тілдік тактикалардың тұлғааралық коммуникация үдерісінде алатын үлес салмағы коммуникативтік қысымды тілдік құқықбұзушылық белгілері бар немесе тілдік құқықбұзушылық белгілері жоқ деп ажыратуға негіз болады. Нақты түсінікті болу үшін алдымен тілдік құқықбұзушылық белгілері жоқ коммуникативтік қысым жағдайына жасалған талдауды ұсынамыз.

1-бейнежазба:

Мұғалім: – Отыр әрі, қатын құсап менімен неге ұрысып отырсың? Сен кімсің? Сен маған сөйлеуге құқың бар ма? Сендер жиырма бесіңдер...

2-бейнежазба:

Мұғалім: – Ешкім қайта-қайта емес, отыр да шығар болды, көп сөйлем.

Оқушы: – Нервқа тиіп жатқан. Жұлқуға қақың жоқ.

Мұғалім: – Ешкім нервке тиіп жатқан жоқ. Сен маған сөйлеуге қақың бар ма?

Көрсетілген 1-бейнежазбадағы диалогта мұғалім оқушының жағымсыз әрекетін, мінез-құлқын «қатын құсап» тіркесімен салыстыра бағалайды. *Қатынға ұқсап* тіркесі – әдеби тілде және тұрмыста ер адамның кей жағдайларда әйел затына тән тым нәзіктік таныту, әсіре эмоцияға берілу, сонымен қатар аса сөзуарланып кету жағдайларында кеңінен қолданылатын стереотип фраза. Және оның қоғамдық қолданысына шектеу қойылмаған, тыйым салынбаған. Мысалы, масс-медиада: «*Қатын құ-*

сан жылағаны несі» (Күмісбай, 2024), «Қатын сияқты қайдағы бәле аузына қайдан түседі. Басқа сөз құрып қалды ма?» (Қазақ тілінің ұлттық корпусы).

Қатын құсап фразасы ер адамды нақты түрде «қатынға» теңеуді білдірмейді, тек мінез-құлықты немесе әрекетті әйел адамға тән гендерлік белгі болып табылатын «салғыласу», кез келген жағдайда көзіне жас алып, жылау сияқты мінез-құлықтарымен салыстыру болып табылады.

Мұғалімнің *«Отыр әрі, қатын құсап менімен неге ұрысып отырсың? Сен кімсің? Сен маған сөйлеуге құқың бар ма? Сендер жиырма бесіңдер...»* деген сөзі оқушының ұстазбен сөз жарыстырып, салғыласуын жақтырмау, өзімен оқушының салғыласуын тоқтату мәнісінде айтылған. Және мұғалімнің осы сөзіндегі *«Сен кімсің? Сен маған сөйлеуге құқың бар ма?»* фразаларында ұстаз бен оқушы арасындағы коммуникация субординациясы туралы жанама (*Сен кімсің?*) және тура (*Сен маған сөйлеуге құқың бар ма?*) түрде ескерту жасалған. Латын тілінен аударғанда «тәртіпке келтіру» деген мағынаны беретін «subordinatio» / субординация феномені иерархия ұғымымен тікелей байланысты. Зерттеушілердің ғылыми тұжырымдарына қарағанда «басқару және бағыну» сипатындағы иерархиялық субординация әлеуметтік дифференциацияға байланысты саналы түрде тәртіп, реттілікті жүзеге асыру бағытындағы үдеріс (Тамбиянц, 2022, б. 25).

Ал мұғалімнің *«Сендер жиырма бесіңдер...»* сөзі лингвопрагматикалық тұрғыда (сөз арқылы тыңдаушыға ықпал студі зерттейтін тіл білімінің саласы) оқушылармен өзара түсіністікті қамтамасыз ету мәнісінде айтылған.

2-бейнежазбадағы диалогта мұғалім оқушыға пән бойынша тиісті тапсырманы орындауға бұйырады: – *Ешкім қайта-қайта емес, отыр да шығар болды, көп сөйлеме.* Және мұғалім бұл сөзінде де оқушының көп сөзділігіне тікелей шектеу қояды: *«Көп сөйлеме».*

Мұғалім *«Сен маған сөйлеуге қақың бар ма?»* сөзінде ұстаз бен оқушы арасындағы коммуникацияда субординацияны сақтауға тікелей ескерту жасаған. *«Сен маған сөйлеуге қақың бар ма?»* сөзі формасы жағынан сұраулы сөйлем бола отырып, сол уақытта жауабын өз бойында қамтып тұрған риторикалық сөйлем қатарында қарастырылады. Мұғалімнің бұл сөзі ұстаз бен оқушы арасындағы болуы керек субординацияны астарлы түрде білдіріп, оқушының өзіне, яғни мұғалімге қарсы сөйлеуге құқы жоқ екені

туралы жауапты қамтып әрі соны оқушыға ескертіп тұр.

Мұғалімнің *«Ешкім қайта-қайта емес, отыр да шығар болды, көп сөйлеме»* сөздері және *«Ешкім нервке тиіп жатқан жоқ»* сөзі оқушының жағымсыз әрекетіне қарай оны әдепке шақыру, оқушыдан талап етілетін өз міндетін орындату мақсатында айтылған. Мұғалімнің оқушыға қойған талабының қисындылығы әрі оқушының міндетіне енетін әрекетті талап етуіне байланысты жоғарыда қарастырылған сөз қақтығысына, сөйлеу актілеріне, яғни коммуникативтік қысымға тілдік құқықбұзушылық белгілері тән емес.

Енді агрессивті сөйлеу стратегиялары мен тактикаларын қамтыған тілдік құқықбұзушылық белгілерге ие коммуникативтік қысымның көріністері 3-бейнежазба стенограммасы мен қолхатқа қатысты қарастырылды. Бұл лингвистикалық зерттеу материалдарының жалпы мазмұны (бейнежазба және қолхат) бір ғана мәселе – «ажырасқан әйелдің бұрынғы күйеуінен өзіне (балаларына) алименттен тыс 10 000 000 теңгені беруін немесе 500 000 теңгеден ай сайын беріп тұруына күйеуінің сөз беруін немесе уәдесін талап етуге» құрылған. 3-бейнежазбадағы ажырасқан ерлі-зайыптылар және кепілдік беруші (гарант) Зия аға арасындағы әңгімеде *әйел талап қоюшы ролінде көрінеді.* Бейнежазбадағы әйелдің бұрынғы күйеуіне айтқан *«– Қанишадан беріп отырарсың ол 10 000 000 (он миллионды)? А? – 500 000 ден айына ма? Айт ал. Не істейсің? – Қанишасы? Числоны айт. – 10 000 000 біткенше емес маған. 10 000 000 біткенше емес. Маған қоятын кезде 10 000 000-ды қойып бересің. 500 000 қашан тоқтасың маған сол кезде 10 000 000 (он миллионды) қойып бересің»* сөздері және кепілдік беруші ер адамға айтқан *«ал гарант Зия аға сіз де айтыңыз. Мен гарантпын деп»* деген сөздері тыңдаушыға бұйыру, одан талап ету мәнісін білдіретін бұйрықты сөйлем формасында берілген.

Бұйрықты сөйлемге қазақ тілінің академиялық грамматикасында мынандай анықтама берілген:

«Бұйрықты сөйлем – қимыл-әрекетке итермелеу мақсатында айтылған сөйлем. Бұйрықты сөйлем көбінесе ауызекі тілге тән. Бұйрық мағынасы әр түрлі реңкте білдіріледі: егер бұйыру қатал талап мағынасында жұмсалса, дауыс көтеріңкі айтылады, ал өтініш, тілек мағынасында айтылса, бәсең айтылады. Бұйрықты сөйлемдер-

дің баяндауыштары етістіктің бұйрық және қалау райлары арқылы жасалады:

1. Баяндауыштары етістіктің бұйрық райының 2-жағында болса, Бұйрықты сөйлем бұйрық талап ету мәнінде айтылады. Мысалы: – Сен мен не істесем, соны *істе!* – деді Ұлпан Шынарға сыбырлап (Ғ. Мүсірепов).

2. Баяндауыштары бұйрық райының 3-жағында болса, Бұйрықты сөйлем талап, тілек мәнінде айтылады. Мысалы: Қара көктің жал-күйрығы қара ғой, қаралы ат осы *болсын!* – деді (М. Әуезов).

3. Баяндауыштары етістіктің бұйрық райында айтылып, оған *-шы/-ші* қосымшасы жалғанса, бұйрықты сөйлем тілек, жалыныш немесе сыпайы түрде бұйыруды, кейде сес көрсетіп, қорқыту мәнін білдіреді. Мысалы: – Қане, осы баланың бәйгесін бермей *көрші!* (Ғ. Сланов).

4. Баяндауыштары етістіктің қалау, бұйрық райлары тұлғасынан жасалғанда, Бұйрықты сөйлем ұран, үндеу мағынасын білдіреді: Мысалы: – Қанта, *тұс аттан! Қанта тегіс!* – деп Көгібақ, Топай, Торғай жігіттерін де тұтас айдап салды (М. Әуезов).

5. Баяндауыштары ашық райдың келер шақ тұлғасынан жасалса, бұйрық мағынасын білдіреді. Мысалы: «Бүгіннен бастап олармен *сөйлеспейсің*» (Қазақ тілі. Грамматикалық анықтағыш).

Осы көрсетілген анықтама тұрғысынан қарастырғанда бейнежазбадағы әйелдің бұрынғы күйеуіне айтқан «– Қаншадан беріп отыраСЫҢ ол 10 000 000 (он миллионды)? Айт ал. Не істейСІҢ? – Қаншасы? Числоны айт. – 10 000 000 біткенше емес маған. 10 000 000 біткенше емес. Маған қоятын кезде 10 000 000-ды қойып бересің. 500 000 қашан тоқтасың маған сол кезде 10 000 000 (он миллионды) қойып бересің» деген сөздеріндегі асты сызылып көрсетілген баяндауыштар етістіктің бұйрық райының 2-жағында қолданылып, бұйыру, талап ету мәнінде айтылған. Бұдан бөлек бейнежазбадағы әйелдің жоғарыдағы сөздерді бұрынғы күйеуіне *бұйыру, талап ету* мәнінде айтқанын оның жоғары қарқынды, нық әрі көтеріңкі интонациясы да көрсетеді: «егер бұйыру қатал талап мағынасында жұмсалса, дауыс көтеріңкі айтылады, ал өтініш, тілек мағынасында айтылса, бәсең айтылады».

3-бейнежазбадағы ажырасқан ерлі-зайыптылар және кепілдік беруші (гарант) Зия аға арасындағы әңгімеде *әйел ультиматум қоюшы рөліне де ие.*

Ультиматум (лат. *ultimus* – *соңғы, шеткі*). Кең мағынасында *ультиматум* астарында сес көрсету жатқан үзілді-кесілді талап қою (Биекенов, Садырова, 2007, б. 324).

3-бейнежазбадағы ажырасқан ерлі-зайыптылар және кепілдік беруші (гарант) Зия аға арасындағы әңгімеде әйелдің бұрынғы күйеуіне айтқан мына сөздерінде сес көрсету, үзілді-кесілді талап қою ниеті қамтылған ультиматум көрінісі тапқан: «*Әйелі: –10 000 000 ды алып отырсың ғой сен өйткені, сен оны маған деген, сенің менің істеп жатқаным деп көкіме. сен 10 000 000-ды алып отырсың, бізден бала-шағаңнан алып отырсың. – Әйелі: Иә. алып отырсың. Бекқайырдан жұлып тұрып алып отырсың сен. Аха айт енді ал. Не істейтініңді айт Маған қоятын кезде 10 000 000-ды қойып бересің.*

3-бейнежазбадағы әйел «*әр нәрсені бір шатып-бөсу, мақтану*» (Қазақ тілінің онлайн түсіндірме сөздігі) *мағынасындағы көкіме лексикалық бірлігін қолдану арқылы бұрынғы күйеуінің тарапынан 10 000 000 га байланысты айтатын я енді айтпақшы болған ешбір уәждерін қабылдамайтынын үзілді-кесілді білдіреді, яғни бұрынғы күйеуіне таңдау еркін қалдырмайды: «менің істеп жатқаным деп көкіме» сөзімен «әр нәрсені бір шатып-бөспе» түрінде сес көрсетеді. Яғни әйел бұрынғы күйеуінің пікірін, таңдау еркін басып-жанышып, әйел оны (бұрынғы күйеуін) тек өзінің мүддесіне сәйкес әрекет етуге бағыттайды. Бұл ультиматумның басты лингвистикалық белгілері болып табылады.*

3-бейнежазбадағы ажырасқан ерлі-зайыптылар және кепілдік беруші (гарант) Зия аға арасындағы әңгімеде әйелдің бұрынғы күйеуіне қоятын талабы қарқын алу (динамикалық өсу) сипатында өзгере береді. Бұл мына диалогтарда көрініс тапқан:

Зия аға: 10 000 000 біткенше береді.

Әйелі: 10 000 000 біткенше емес маған. 10 000 000 біткенше емес. Маған қоятын кезде 10 000 000 000-ды қойып бересің. 500 000 қашан тоқтасың маған сол кезде 10 000 000 (он миллионды) қойып бересің.

< >

Әйелі: 10 000 000 біткенше сонда 500 000 нан беріп отырады ма?

Зия аға: беріп отырады.

Әйелі: сосын 10 000 000 (он миллионды) есептейді да біткеннен кейін болды ма?

< >

Зия аға: балаларына көмектесемін деп тұр ғой.

Күйеуі: Сымбат, мен балалардан ешқайда кетпеймін. Мен балалардан ешқайда кетпеймін. Балаларға мен өле-өлгенше.

3-бейнежазбадағы әйелдің күйеуіне қойған талаптарының қарқын алу, ұдайы өсу өзгерістері оның сөздерінің мазмұнынан мына түрде анықталды: 1) «алименттен тыс 10 000 000 теңгені беруін немесе 500 000 теңгеден ай сайын беріп тұруына күйеуінің сөз беруін немесе уәдесін талап ету» → 2) «күйеуі ай сайын 500 000-нан беріп, 10 000 000-ға толтырылғаннан кейін де «өле-өлгенше» ақша беріп тұруға міндеттенуіне» мәжбүр ету сөйлеу актілері. Әйелдің «сосын 10 000 000 (он миллионды) есептейді да біткеннен кейін болды ма?» деген сөзі оның алдыңғы суммага көңілі толмағанын, сол айтылған суммамен шектелмейтінін, тағы талап етіп тұрғанын білдіреді.

Жоғарыдағы прагматикалық талдаулар бейнежазбадағы әйел сөзінің «қарсылас тарапқа өз позициясына сәйкес міндет артып қойып, оны уәде немесе ант беруге мәжбүр ету», «Қарсы тарапқа белгілі бір әрекеттерді жүктеп, оған үзілді-кесілді талаптар қою және осылайша оны таңдау еркінен айыру» стратегиясына құрылғанын көрсетті. Және бейнежазбадағы әйел сөздерінен коммуникативтік қысымға тән белгілер анықталды.

3-бейнежазбадағы ажырасқан ерлі-зайыптылар және кепілдік беруші (гарант) Зия аға арасындағы әңгімедегі әйелдің бұрынғы күйеуінің сөздерінің коммуникативтік қысым түрғысынан прагматикалық талдауының нәтижелері.

Әйел тарапынан қойылған «Қанишадан беріп отырсың ол 10 000 000 (он миллионды)? А?» сұраулы сөйлемі бейнежазба басталғанға дейін бұрынғы күйеуін өзіне (әйелге) көрсетілген ақшаны беріп тұруға көндіргені, яғни коммуникативтік қысым көрсеткені олардың өзара диалогындағы сөздеріне жасалған логика-семантикалық және лингвопрагматикалық талдау нәтижесінде анықталды:

1) Әйелдің бұрынғы күйеуінің немесе бейнежазбадағы еркектің сөздері логика-семантикалық және функционалды-коммуникативтік түрғыдан өзара қайшылықта құрылған. Еркек (әйелдің бұрынғы күйеуі) он млн. теңгені ай сайын беріп отыруға өзіне міндеттеме ала отырып, сол уақытта ешкімге қарыз я міндетті емес екенін қайта-қайта айтады: Күйеуі: – «10 000 000 мен ешкімнен алған жоқпын. қарыз емеспін. Мен сенен 10 000 000

(он миллион) алған жоқпын» деп, бұрынғы әйелінің «10 000 000 ды алып отырсың ғой сен өйткені, сен оны маған деген, сенің менің істеп жатқаным деп көкіме. сен 10 000 000-ды алып отырсың, бізден бала-шағаңнан алып отырсың ... Иә. алып отырсың. Бекқайырдан жұлып тұрып алып отырсың сен» деген сөздерімен келіспейтінін білдірген. Алайда сол уақытта еркек бұрынғы әйелімен осы түрғыда келіспесе де, 10 000 000 ды балалары үшін «алименттің сыртында» беріп отыруға келіскені және «өле-өлгенше» беріп отыруға келіскені оның сөздерінің амалсыз айтылғанын көрсетеді. Яғни, еркек (әйелдің бұрынғы күйеуі) бұрынғы әйеліне міндетті емес, бірақ «балалары үшін» оның талабына мойынсұнады (келіседі). Бұл әйелдің тарапынан көрсетілген коммуникативтік қысымды көрсетеді.

Еркектің (әйелдің бұрынғы күйеуі) бұрынғы әйелімен диалогының келесі үзінділерінің лингвопрагматикалық талдауы да оның (еркектің) сөзінің еріксіз, амалсыздықтан айтылғанын көрсетеді:

Күйеуі: – қарыз емеспін. Мен сенен 10 000 000 (он миллион) алған жоқпын.

Әйелі: – Мхм. а сонда қаниша уақыт қойып бересің сонда?

Күйеуі: – өле-өлгенше.

Қарастырылып отырған диалогта еркек өзінің қарыз еместігін, бұрынғы әйелінен ондай сумманы алмағанын айтып қарсылық білдірсе де, сол уақытта алдымен он млн біткенше беріп тұратынын, одан кейін тіпті «өле-өлгенше» сол ақшаны «қойып беруге» келіседі. Мұндай логикалық қайшылықты сөйлемдер осы сөзді айтып тұрған адамның «тез құтылу» үшін я амалсыздан айта салғанын білдіреді және тараптар арасында өзара толық келісімге қол жеткізілмеген жағдайда айтылады. Сонымен қатар «өле-өлгенше» сөзінің семантикасы логикалық жағынан орындалмайтын уәдені білдіріп тұр, адам дүниеден өткенше деген тіркеспен мағыналас «өле-өлгенше» сөзі еркектің қартайған шағында да көрсетілген ақшаны беруге міндеттенетінін көрсетеді, алайда ол кезде оның сондай ақша таба алатынына кепілдік жоқ. Бұл сияқты прагматикалық кемістікті сөйленістерді сөйлеу актілері теориясында «Мур парадоксы рухындағы сөйленістер» немесе «іштей қарама-қайшылықты сөйленістер» деп атап (Дж. Остин) олардың прагматикалық кемістігін дәлелдеудің оңай екенін көрсетеді: «Сөйлеуші

шындық шартын орындамайды, мысалы, «Уәдені орындауға міндетті емес екендігіме уәде беремін» сөйленісі тыңдаушыдан өзіне сенуін сұрап тұрып, оған сенбеуін талап етеді. Нәтижесінде сөйленіс логикалық заңдарға қайшы келіп, оның иллюкутивтік күшін жояды» (Вендлер, 1985, б. 246).

Сөйтіп, қарастырылып отырған даулы диалогқа «Тұлғаралық өзара құқықтық мәселені реттеуге бағытталған ауызша ресми келісімдер бойынша қарым-қатынас өзара сенім, эмпатия, ізгі ниет, құрметке құрылған жағымды эмоциялар аясында жүруі керек» (Роготнева, 2011) деген белгі тән емес.

1-кесте

X-тің бейнежазбадағы сөздері мен қолхаттағы сөздерінің арасындағы сәйкессіздік

Р/с	Әйелдің бұрынғы күйеуі X-тің бейнежазбадағы сөздері	Әйелдің бұрынғы күйеуі X-тің қолхаттағы сөздері
1	- 10 000 000 мен ешкімнен алған жоқпын. - қарыз емеспін. Мен сенен 10 000 000 (он миллион) алған жоқпын.	- ортақ бизнестегі 10, 000 000 (он миллион теңгені) ай сайын 500, 000 (бес жүз мың) теңгеден бөліп беріп тұрамын

Ескерту: Кесте авторлар тарапынан құрастырылды.

Кестеде көрсетілгендей, әйелдің бұрынғы күйеуі X. бейнежазбадағы сөзінде ешкімнен, бұрынғы әйелінен 10 000 000 алмағанын, қарыз емес екенін айтса, қолхатта «10, 000 000 (он миллион теңгені) ортақ бизнестегі» деп көрсетіп, әйелінің үлес қосқанын білдіреді және мұндағы өз үлесін есепке алмайды. Яғни, ортақ бизнестегі әйелінің қосқан үлесі қанша, өзінің қосқан үлесі қанша екені көрсетілмейді. Бұл жағдайлар, яғни – 1) X-тің бейнежазбадағы сөздері мен қолхаттағы сөздерінің арасындағы сәйкессіздік; 2) ортақ бизнестегі *он миллион теңгені құрайтын қаржыдағы* әрқайсысының үлесінің есепке алынбауы – *осы қолхатты беруші X-тің сөздерінің логикалық қисынсыздығын, шынайы жағдаяттың негізінде жазылмағанын* көрсетеді. Бұл тілдік деректер коммуникативтік қысым жағдайында рәсімделген ресми құжатта оған қойылатын «ресми іскерлік стильдің негізгі ерекшеліктері: дәлдік, кез келген екіұштылық пен түсініксіздіктің алдын алу» тұрғысындағы талаптар мен стандарттардан ауытқушылыққа жол берілетінін және «кепілдік хаттар мәмілені жүзеге асырудың белгілі бір уәдесін немесе шарттарын растау» (Роготнева, 2011, б. 23) мақсатынан шыға бермейтінін көрсетеді.

Ажырасқан ерлі-зайыптылар: бұрынғы күйеуі X. пен оның бұрынғы әйелі У. арасындағы қолхаттың прагмалингвистикалық талдауының нәтижелері.

Лингвистикалық зерттеуге ұсынылған қолхаттың жалпы мазмұны бейнежазбадағы «әйелдің бұрынғы күйеуінен өзіне (балаларына) алименттен тыс 10 000 000 теңгені беруіне немесе 500 000 теңгеден ай сайын беріп тұруына сөз беруі немесе уәде беруі туралы талаптарының» негізінде жазылғанын көрсетеді. Алайда әйелдің бұрынғы күйеуі X-тің бейнежазбадағы сөздері мен қолхаттағы сөздерінің арасында сәйкессіздік бар (Қараңыз: 1-кесте).

X-тің қолхаты бойынша жүргізілген емлелік (орфографиялық), стильдік, синтаксистік талдау нәтижесінде ресми іскерлік құжатқа тән белгілерден келесі түрдегі ауытқушылықтар анықталды:

1) X-тің қолхатындағы «*Мен X. 18.11.1954 ж. ИИН 541118300189. У. бұрынғы әйелім, ортақ бизнестегі 10, 000 000 (он миллион теңгені) ай сайын 500, 000 (бес жүз мың) теңгеден бөліп беріп тұрамын*» деп жазылған сөйлемде көрсетілген қаржының адресатын (кімге берілетінін) көрсететін барыс септігінің -ке және -е жалғаулары түсіріліп кеткен, нақтылап айтқанда, У-ке, бұрынғы әйелімЕ түрінде берілмеген. Бұл X-тің қолхатында қаржыны алатын адресатты У-ке, бұрынғы әйелімЕ түрінде анықтап көрсетуден қашқақтағанын, осы қолхатты беруге ықтиярсыз болғандығын білдіре алады. Бұл тілдік дерек, сондай-ақ, қолхатқа тән «тілдік стандарт – дайын тілдік формулаларды – клишелерді қолдана отырып, ойларды біркелкі түрде жеткізуге ұмтылу» (Mambetova et al., 2019) өлшемінін сақталмағанын көрсетеді.

2) X-тің қолхатында *он миллион теңге санмен (цифрмен) қате өрнектелген, санмен бергенде он млн емес, бір млн жазылған, бір «0»*

түсіп қалған. Бұл Х-тің қолхатты жазу үстінде эмоциялық жағынан бірқалыпты күйде болмауының салдарынан жіберілуі мүмкін.

3) Х-тің қолхатында осы ресми құжатқа тән стильдік белгі сақталмаған, бір сөйлем аясында берілетін ой бірнешеге бөлінген және бірнеше рет қайталанған: *«ортақ бизнестегі 10, 000 000 (он миллион теңгені) ай сайын 500, 000 (бес жүз мың) теңгеден бөліп беріп тұрамын»; «айдың аяғында беремін»; «бала-шағаның керек-жарамына беремін ай сайын»; «алименттен бөлек, өле-өлгенше беремін»*. Бұл қайталаулар Х-тің қолхатты жазу үстінде эмоциялық жағынан толқулы күйде болғанын білдіреді. Бұл даулы қолхаттың ғылыми зерттеулерде тұжырымдалған «Іскерлік қарым – қатынас жағымды эмоциялар аясында жүруі керек және ресми құжатта көрініс табатын кепілдік беру модалінің өзара сенім, эмпатия, ізгі ниет, құрметке құрылуы шарт, ал кепілхат (қолхат) сияқты ресми құжат мәтініне қисындылық, сонымен қатар бейэмоционалдық тән» (Роготнева, 2011) деген талаптарға қайшы құрылғанын көрсетеді.

4) Х-тің қолхатында өзіне он млн теңгені «алименттен бөлек, өле-өлгенше беремін» деп орындалу мүмкіндігі күмәнді, заңдық және өмірлік жағдаяттар тұрғысынан қисынсыз міндеттеме алып, уәде етуі оның амалсыздығын, мәжбүрліктің салдарында жазылғанын көрсетеді.

Сонымен қатар коммуникативтік қысымның тұрақты белгілерінің қатарында сөйлеушінің өз мәртебесін тым асыра жоғарлату, тыңдаушыға қатысты сақталуы тиісті құрметтің мүлдем төмендеуі, сын, қорлау сөздері мен қоқан-лоққы, тыңдаушыға мөлшерден тыс талаптарды қамтитын мағынадағы сөз актілерін көрсетуге болады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінен байқалғандай, мұғалім мен оқушы арасындағы, сондай-ақ әлеуметтік мәртебелері тең немесе әртүрлі тұлғалар арасындағы мүдде қайшылығы т.б. мәселелер бойынша туындайтын ресми, бейресми сөз қақтығыстарының құқықбұзушылық мүмкіндіктеріне байланысты әкімшілік сот істерінің қозғалу жағдайлары қоғамымызда жиі көрініс беруде. Бұл біріншіден, тұлғааралық коммуникация үдерісінде көрініс беретін коммуникативтік қысымды агрессивті ықпал ету актісі қатарында зерттеудің бүгінгі күннің сұранысынан туындап отырғанын көрсетеді. Екіншіден, өзара тығыз байланысты,

алайда сол уақытта өзара ажыратылуы тиіс сөз қақтығысы мен коммуникативтік қысым ұғымдарына байланысты тыңғылықты зерттеулердің қажеттілігіне көзімізді жеткізуде. Осы орайда жоғарыда талданылған екі жағдай – «мұғалім мен оқушы» арасындағы конфликтілі диалогтың және «ажырасқан ерлі-зайыптылар» арасындағы диалог пен қолхаттың прагмалингвистикалық талдауының нәтижесінде мынандай тұжырымдар жасалды: 1) Коммуникативтік қысым аяқ астынан орын алатын спонтанды құбылыс емес, ол басым жағдайда алдын ала жоспарлану сипатына ие; 2) коммуникативтік қысым сөз қақтығысы барысында туындауы мүмкін, алайда ол адресаттың мүддесіне қайшы тілдік әрекет белгілерін қамтымайды, мысалы, адресаттың мүддесіне қайшы нәрсені талап ету немесе жөнсіз ультиматум қою; 3) субординативті коммуникация үдерісінде тараптардың бірінің өз заңды міндетін орындамауына байланысты көрініс беретін коммуникативтік қысым адресатты қасақана қорлау сөз актілерін қамтымайды; 4) тілдік құқықбұзушылық деректері бойынша коммуникативтік қысымға немесе сөз қысымына байланысты мәселелер шешімінде жүргізілетін лингвистикалық сараптамаларда лингвистика ғылымының, оның ішінде, прагмалингвистика ғылымының, сөйлеу актілері теориясының тұжырымдары ғылыми негіздеме ретінде басшылыққа алынуы керек. Бұдан бөлек келешекте адресатқа залал емес, керісінше, адресаттың пайдасы немесе мүддесі шешіміне қарай жүзеге асырылатын коммуникативтік қысымның да (мысалы, ата-анасы мен баласы арасындағы немесе мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас барысындағы сөз қысымы) лингвистикалық белгілерін, сөйлеу стратегиялары мен тактикаларын зерттеу тұлғааралық коммуникация мәдениетін жетілдіруде және құқықбұзушылық жағдайындағы коммуникативтік қысымды одан ажырату үшін маңызды деп ойлаймыз. Сөйтіп, тілдік құқықбұзушылық көрінісі ретіндегі коммуникативтік қысым адресаттың немесе қарсы тараптың мүддесіне залалды, оның құқығына қайшы ықпал етуге құрылған сөз актісі және ол өзіндік сөйлеу стратегиялары мен тактикаларының жиынтығын қамтиды.

Мақала авторларының үлесі

А.Қ. Таусоғарова зерттеу идеясын ұсынды, жұмыстың жалпы құрылымын белгіледі және

мақаланың кіріспесі мен негізгі бөлімдерін жазды; А.М. Жамалбек эмпирикалық материал жинап, оларды өңдеу мен формалды талдауды жүзеге асырды; Ж.А. Әлішева әдебиеттерге шолу жасап, нәтижелерді көрнекі түрде ұсынуға және мәтінді толықтыруға қатысты; С.А. Итегулова зерттеу барысына ғылыми бақылау жасады, қо-

рытындыны нақтылап, мақаланы соңғы редакциядан өткізді.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер

- Шайкенова, Л.М. (2007). *Сөйлеу актілерінің теориясы*. Алматы: Қазақ ун-ті.
- Rachmad, R. R., & Milal, A. D. (2023). A Forensic Linguistic Study: Hate Speech Towards Indonesian Badminton Athletes on Social Media. *Pioneer: Journal of Language and Literature*, 15(1), 33–49. <https://doi.org/10.36841/pioneer.v15i1.2756>
- Трофимова, В.А. (2021). Этнос как источник конфронтационности коммуникативного давления. *Известия Южного федерального университета. Филологические науки*, 25(1), 112–122.
- Шилихина, К.М. (2000). Коммуникативное давление в русском общении. *Теоретическая и прикладная лингвистика*. Вып. 2: *Язык и социальная среда*, 103–108. Воронеж: Изд-во ВГТУ.
- Прохвачева, О.Г. (2000). *Лингвокультурный концепт «приватность» (на материале американского варианта английского языка)* (Дисс. ... канд. филол. наук). Волгоград.
- Дубровченко, Е.М. (2021). Коммуникативное давление как форма нарушений приватности. *Материалы ежегод. науч. конф. преподавателей и аспирантов ун-та*. Минск. Ч. 2. 49–52.
- Иссерс, О.С. (2006). *Коммуникативные стратегии и тактики русской речи*. М.: КомКнига / URSS.
- Борисова, И. Н. (1999). Категория цели и аспекты текстового анализа. *Жанры речи*. Вып. 2. 81–97.
- Паршина, О.Н. (2007). *Российская политическая речь: теория и практика*. М.: Изд-во ЛКИ.
- Кашкин, В. Б. (2000). *Введение в теорию коммуникации*. Воронеж: Изд-во ВГТУ.
- Пекарская, И.В., & Шпомер, Е.А. (2024). К вопросу о соотношении понятий «коммуникативная прагматика» и «речевая прагматика». [Электронный ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-sootnoshenii-ponyatiy-kommunikativnaya-pragmatika-i-rechevaya-pragmatika/viewer> (Дата использования: 23.10.2025)
- Стернин, И.А. (2001). *Введение в речевое воздействие*. Воронеж: Изд-во Воронежского ГУ. 38–42.
- Иссерс, О.С. (2009). *Речевое воздействие: учеб. пособие для студентов*. М.: Флинта: Наука.
- Меликян, В.Ю., & Трофимова, В.А. (2019). О лингвистическом статусе феномена «коммуникативное давление». В: *Язык и право: актуальные проблемы взаимодействия: материалы IX-й Всерос. научно-практ. конф.* Вып. 9. 27–35. Ростов н/Д: Дониздат.
- Күмісбай, А. (2024). Сәбилі болатынын білген Абай Бегейдің ұлы көзіне жас алып, жылап қалды. [Электронды ресурс]. URL: <https://kaz.caravan.kz/zhangalyqtar/qatyn-qusap-zhylaghany-nesi-sabili-bolatynyn-bilgen-abaj-begejjding-uly-kozine-zhasalyp-zhylyap-qaldy-355973> (Пайдаланған күні: 23.10.2025)
- Қазақ тілінің ұлттық корпусы. (n.d.). [Электронды ресурс]. URL: <https://qazcorpus.kz> (Пайдаланған күні: 23.10.2025)
- Тамбиянц, Ю.Г., & Шалин, В.В. (2022). Феномен иерархического сознания: социально-исторический ракурс рассмотрения. *Общество: социология, психология, педагогика*, (5), 21–32.
- Қазақ тілінің онлайн түсіндірме сөздігі. (n.d.). [Электронды ресурс]. URL: http://lugat.kz/?p=voc_kz_exp (Пайдаланған күні: 23.10.2025)
- Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. (2002). Астана.
- Биекенов, К., & Садырова, М. (2007). *Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі*. Алматы: Сөздік-Словарь.
- Роготнева, Е.Н. (2011). *Документная лингвистика: сборник учебно-методических материалов*. Томск: Изд-во Томского политехнического университета.
- Вендлер, З. (1985). Иллокутивное самоубийство. *НЗЛ*. Вып. XVI. *Лингвистическая прагматика*, 238–250.
- Mambetova, M.K., Iskakova, G.N., & Dossanova, A.M. (2019). The peculiarities of Kazakh official cliches. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, 2 (174), 160–166.

References

- Biekenov, K., & Sadyrova, M. (2007). *Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі [Explanatory Dictionary of Sociology]*. Almaty: Sözdik-Slovar'. (In Kazakh)
- Borisova, I. N. (1999). Kategoriya tseli i aspekty tekstovogo analiza [The Category of Purpose and Aspects of Text Analysis]. *Zhanry rechi*, vyp. 2, 81–97. (In Russian)
- Dubrovchenko, E. M. (2021). Kommunikativnoe davlenie kak forma narusheniy privatnosti [Communicative Pressure as a Form of Privacy Violations]. In *Materialy ezhegodnoy nauchnoy konferentsii prepodavateley i aspirantov universiteta* [Proceedings of the Annual Scientific Conference of University Teachers and Postgraduates] (Ch. 2, pp. 49–52). Minsk. (In Russian)

- Issers, O. S. (2006). *Kommunikativnye strategii i taktiki russkoy rechi* [Communicative Strategies and Tactics of Russian Speech]. Moscow: KomKniga / URSS. (In Russian)
- Issers, O. S. (2009). *Rechevoe vozdeystvie: uchebnoe posobie dlya studentov* [Speech Influence: A Student Textbook]. Moscow: Flinta; Nauka. (In Russian)
- Kashkin, V. B. (2000). *Vvedenie v teoriyu kommunikatsii* [Introduction to Communication Theory]. Voronezh: Izd-vo VGTU. (In Russian)
- Kümisbay, A. (2024). Säbili bolatynyn bilgen Abay Begeydiñ uly közin'e zhas alyp, zhylap qaldy [Abai Begey's Son Cried After Learning He Would Have a Baby]. Retrieved October 23, 2025, from <https://kaz.caravan.kz/zhangalyqtar/qatyn-qusap-zhylaghany-nesi-sabili-bolatynyn-bilgen-abajj-begejding-uly-kozine-zhas-alyp-zhylap-qaldy-355973> (In Kazakh)
- Mambetova, M. K., Iskakova, G. N., & Dossanova, A. M. (2019). The peculiarities of Kazakh official clichés. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, 2(174), 160–166.
- Melikyan, V. Yu., & Trofimova, V. A. (2019). O lingvisticheskom statuse fenomena «kommunikativnoe davlenie» [On the Linguistic Status of the Phenomenon “Communicative Pressure”]. In *Yazyk i pravo: aktual'nye problemy vzaimodeystviya: materialy IX Vserossiyskoy nauchno-prakticheskoy konferentsii* [Language and Law: Current Issues of Interaction: Proceedings of the 9th All-Russian Scientific-Practical Conference] (Vyp. 9, pp. 27–35). Rostov-na-Donu: Donizdat. (In Russian)
- Parshina, O. N. (2007). *Rossiyskaya politicheskaya rech': teoriya i praktika* [Russian Political Speech: Theory and Practice]. Moscow: Izd-vo LKI. (In Russian)
- Pekarskaya, I. V., & Shpomer, E. A. (n.d.). K voprosu o sootnoshenii ponyatiy “kommunikativnaya pragmatika” i “rechevaya pragmatika” [On the Correlation Between the Concepts of “Communicative Pragmatics” and “Speech Pragmatics”]. Retrieved October 23, 2025, from <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-sootnoshenii-ponyatiy-kommunikativnaya-pragmatika-i-rechevaya-pragmatika/viewer> (In Russian)
- Prokhvacheva, O. G. (2000). *Lingvokul'turnyy kontsept “privatnost'” (na materiale amerikanskogo varianta angliyskogo yazyka)* [The Linguocultural Concept of “Privacy” (Based on American English)] (Candidate dissertation). Volgograd. (In Russian)
- Qazaq grammatikasy: fonetika, sözhasam, morfologiya, sintaksis* [Kazakh Grammar: Phonetics, Word Formation, Morphology, Syntax]. (2002). Astana. (In Kazakh)
- Qazaq tiliniñ onlayn tüsindirme sözdigi [Online Explanatory Dictionary of the Kazakh Language]. (n.d.). Retrieved October 23, 2025, from http://lugat.kz/?p=voc_kz_exp (In Kazakh)
- Qazaq tiliniñ ulttyq korpusy [Kazakh National Corpus]. (n.d.). Retrieved October 23, 2025, from <https://qazcorpus.kz> (In Kazakh)
- Rachmad, R. R., & Milal, A. D. (2023). A forensic linguistic study: Hate speech towards Indonesian badminton athletes on social media. *Pioneer: Journal of Language and Literature*, 15(1), 33–49. <https://doi.org/10.36841/pioneer.v15i1.2756>
- Rogotneva, E. N. (2011). *Dokumentnaya lingvistika: sbornik uchebno-metodicheskikh materialov* [Document Linguistics: A Collection of Teaching and Methodological Materials]. Tomsk: Izd-vo Tomskogo politekhnicheskogo universiteta. (In Russian)
- Shaykenova, L. M. (2007). *Söyleu aktleriniñ teoriyası* [Theory of Speech Acts]. Almaty: Qazaq universiteti. (In Kazakh)
- Shilikhina, K. M. (2000). Kommunikativnoe davlenie v russkom obshchenii [Communicative Pressure in Russian Communication]. *Teoreticheskaya i prikladnaya lingvistika*, vyp. 2: *Yazyk i sotsial'naya sreda*, 103–108. Voronezh: Izd-vo VGTU. (In Russian)
- Sternin, I. A. (2001). *Vvedenie v rechevoe vozdeystvie* [Introduction to Speech Influence]. Voronezh: Izd-vo Voronezhskogo GU, 38–42. (In Russian)
- Tambiyants, Yu. G., & Shalin, V. V. (2022). Fenomen ierarkhicheskogo soznaniya: sotsial'no-istoricheskiy rakurs rassmotreniya [The Phenomenon of Hierarchical Consciousness: A Socio-Historical Perspective]. *Obshchestvo: sotsiologiya, psikhologiya, pedagogika*, 5, 21–32. (In Russian)
- Trofimova, V. A. (2021). Etos kak istochnik konfrontatsionnosti kommunikativnogo davleniya [Ethos as a Source of Confrontationality in Communicative Pressure]. *Izvestiya Yuzhnogo federal'nogo universiteta. Filologicheskie nauki*, 25(1), 112–122. (In Russian)
- Vendler, Z. (1985). Illokutivnoe samoubiystvo [Illocutionary Suicide]. *NZL. Vyp. XVI. Lingvisticheskaya pragmatika* [New in Foreign Linguistics. Issue XVI. Linguistic Pragmatics], 238–250. (In Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Таусоғарова Аяужан Қайратовна (корреспондент-автор) – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: ayauzhan1971@gmail.com).

Жамалбек Асқар Мұсабекұлы – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: oskar92@mail.ru).

Әлішева Жазира Асқарбекқызы – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: zhazira.askarbekkyzy@gmail.com).

Итегулова Сая Ағанасовна – филология ғылымдарының кандидаты, профессоры м.а, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: itegul-saya@mail.ru).

Information about the authors:

Taussogarova Ayauzhan (corresponding author) – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: ayauzhan1971@gmail.com).

Zhamalbek Askar – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: oskar92@mail.ru).

Alisheva Zhazira – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhazira.askarbekkyzy@gmail.com).

Itegulova Saya Aganasovna – Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor, Kazakh National Agrarian Research University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: itegul-saya@mail.ru).

Сведения об авторах:

Таусогарова Аяужан Кайратовна (автор-корреспондент) – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: ayauzhan1971@gmail.com).

Жамалбек Аскар Мусабекұлы – PhD-докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: oskar92@mail.ru).

Алишева Жазира Аскарбекқызы – PhD-докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: zhazira.askarbekkyzy@gmail.com).

Итегулова Сая Аганасовна – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора, Казахский национальный аграрный исследовательский университет (Алматы, Казахстан, e-mail: itegul-saya@mail.ru).

Келін түсті: 10 желтоқсан 2025 жыл

Қабылданды: 9 наурыз 2026 жыл